

Пән. Дүниетану

Тақырыбы: "Алматы"

Мақсаты:

Әсем қала- Алматы жайлы білімдерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Алматы қаласы туралы білімдерін молайтады, толықтырады, мәселелерді шешуде қолданады, өзіндік баға береді, салыстырады, талқылайды.

Әдісі: топтастыру, жоғары-төмен сұрақ- жауап, «Сымсыз телефон», «Джигсо»

Дерек көздер: Суретті жұмбақ, презентациялар, видеоподкаст, флипчарт, маркерлер, дүниетану оқулығы, қосымша материалдар

Барысы:

Сабақтың кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
I. Кіріспе. Ұйымдастыру бөлімі	- Сәлеметсіздер ме? - Бүгін сабаққа дайындықтарымыз қалай? - Бүгін сабақта кімдер жоқ?	- Сәлеметсіз бе? - жақсы. -
	Оқушылар дөңгеленіп тұрып қатар-қатар топқа бөлінеді. Топқа Қазақстан елінің «А» әріпінен келетін қалаларын таңдап , сол қалалар бойынша топқа бөлінді.Мыс: Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау қалалары таңдалды. <i>Әр топ өз топ басшысын таңдайды.</i>	
Үй тапсырмасы	-Үйге берілген « Астана –Қазақстан Республикасының елордасы» атты тақырыптың мазмұнын және Астана қаласына байланысты 5слайдтан тұратын презентация дайындап келу тапсырылған болатын, сол жұмыстарын оқушылар қорғайды.	Үй тапсырмасын мына өлеңдер арқылы бекітеміз: Достығы жарасқан, Халықпыз көп ұлтты. Сыйласып, сырласқан, Сыныппыз тәртіпті.
II. Тұсаукесер Қызығушылығын ояту.	Суретті жұмбақ шешкізу арқылы сабақтың тақырыбын ашу.	-Алма жемісіне тырна құсының атауын қосып, соңғы үш әрпін алып тастасақ

	 Мына суретті жұмбақтан нені білуге болады? деген сұрақ қойылады. Және бүгінгі сабағымызға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар?	«Алматы» сөзі шығады. -Алматы сөзі бүгінгі сабағымызда қолданылып, сол қалаға тоқталатын сияқтымыз.																																																
III.Негізгі бөлім	• Күннің жадын, тақырыбын жаздыру • Сабақтың мақсатын анықтап алу. -Бүгінгі сабағымыздан біз не білу керекпіз? • Топ басшыларының бағалау парағын түсіндіріп, бүгінгі сабақта қалай бағаланатындарын айтып кету. <table><tr><th>№</th><th>Оқушының аты</th><th>Оқу/жұм</th><th>Шығарма/ж</th><th>Сұрақ - жауап</th><th>Т/б бағасы</th><th>Мұғалімнің бағасы</th><th></th></tr><tr><td>1</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>2</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>3</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>4</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>5</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table>	№	Оқушының аты	Оқу/жұм	Шығарма/ж	Сұрақ - жауап	Т/б бағасы	Мұғалімнің бағасы		1								2								3								4								5								-Алматы қаласы туралы білімімізді молайтамыз, Алматы қаласына саяхат жасайтын шығармыз.
№	Оқушының аты	Оқу/жұм	Шығарма/ж	Сұрақ - жауап	Т/б бағасы	Мұғалімнің бағасы																																												
1																																																		
2																																																		
3																																																		
4																																																		
5																																																		
Оқулықпен жұмыс	Оқулықтағы мәтінді оқып шығындар. Жұппен, топпен талқылып көреді. Енді осы мәтін бойынша «Джигсо» әдісімен бір абзацты бір топ оқып, соның ішінен бір топ мүшесі келесі топқа барып,ой бөлісіп келеді. Барлық топ мүшелері өз топтарына жиналған соң, барлық мәліметтерді біріктіріп айтып шығады.	Оқулықтағы мәтінді оқып шығады. «Джигсо» әдісімен бір абзацты бір топ оқып, соның ішінен бір топ мүшесі келесі топқа барып, ой бөлісіп келеді. Барлық топ мүшелері өз топтарына жиналған соң, барлық мәліметтерді біріктіріп айтады.																																																
Сергіту сәті	Алма кетті домалап, Класс ішін аралап. Кім алманы табады, Сол тақтаға шығады.	(Жауап берген оқушыны топ басшылары бағалап отырады) Оқушылар барлығын қимылмен көрсетіп тұрады.																																																

Алматы қаласы туралы видеоподкаст көрсету.		Қимылды өте жақсы көрсеткен оқушы тақтаға шығып, видеоподкастты қосады. Видеоподкастты көргеннен кейін оқушылар Алматы қаласы туралы не білетіндерін айтып, білімдерімен бөліседі.
«Сымсыз телефон» әдісі.	3оқушыны шығарып, 1қалдырып,2 есіктің артына шығара тұрамыз.Қалған оқушыға Алматы қаласы туралы нақтырақ мәлімет оқып беремін.Ол сол оқылған мәтіннің мазмұнын кірген оқушыға түсінгені бойынша баяндап беру керек.	Іште қалған оқушы түсінгенін кірген оқушыға баяндап береді, ол артынан кірген үшінші оқушыға баяндайды.Сонда қай оқушының жақсы түсінгенін көруге болады,әлде телефон сымы үзіліп кете ме?
Постермен жұмыс	1.Алматы қаласы туралы постер қорғалатынын айтып түсіндіремін. 2.Постер критерийлерін тақтадан көрсетіп, жұмыстың орындалу барысын түсіндіремін. 3.Постер бағаланады.	Оқушылар сабақ бойына алған білімдеріне , өздерінің білетін білімдеріне сүйене отырып, постерді құрып, қорғап шығады.Қорғауға барлық топ мүшелері шығады. Оқушылар постерге екі жұлдыз, бір ұсыныс айтады. Бағалау критерийлері бойынша әр топ өз постерлерінің бағаларын да біліп отырады. Бұл жерде түсіндіріліп кетеді.
Қорытынды	«Бүгінгі сабақта мен не үйрендім?» деген сөзден бастап, не үйренгендеріңді айтып шығындар.	Оқушылар бүгінгі сабақтан қандай жаңалық алды,не үйренгендерін айтып береді.
Бағалау	Критерийлер бойынша оқушыларды топ басшысы әр этап бойынша бағалап отырады. Қорытынды баға шығарады. Содан соң мұғалім бағалайды.	Әр топ басшылары өздерінің қойған бағаларын айтып, не себептен сондай баға қойғанын айтып береді.
Үйге тапсырма	Оқулықтағы мәтінді оқып келу. «Алматы» сөзінен қанша басқа сөз шығаруға болады, сонша сөзді дәптерлеріне жазып келу тапсырылады. - Сабағымыз аяқталды.	